

## Әділет аттестациялық комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Әділет министрінің 2001 жылғы 8 қазандағы N 113 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 8 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1652. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 26 маусымдағы N 189 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:*

*"Әділет аттестациялық комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 8 қазандағы бұйрығы N 113 (N 1652 нөмірімен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық арқарушы және өзге де мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланды 2001 жылы, N 40-41, 525-құжат);*

.....

*М и н и с т р*

-----  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 қаулысымен бекітілген Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесінің 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Әділет аттестациялық комиссияның құрамы бекітілсін.
2. Әділет аттестациялық комиссия Жұмысының регламенті бекітілсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

" Ә д і л е т а т т е с т а ц и я л ы қ  
к о м и с с и я с ы т у р а л ы "  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 8 қ а з а н д а ғ ы  
N 1 1 3 б ұ й р ы ғ ы м е н  
б е к і т і л г е н

**Әділет аттестациялық комиссиясының құрамы**

*Ескерту: Комиссия құрамы өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 42 бұйрығымен , 2003 жылғы 1 қарашадағы N 234 бұйрығымен .*

Меркель Иоган Давидович	Әділет Бірінші вице-Министрі, комиссия төрағасы
Қуанышбаева Роза Сақтағанқызы (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Адвокаттар Одағының президенті
Каршегенов Кенжеғали Қадырұлы (келісім бойынша)	Алматы қалалық адвокаттар алқасының төрағасы
Жанабилова Әсел Болатқазықызы (келісім бойынша)	Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы
Тоқтарова Жанар Төкенқызы (келісім бойынша)	Қарағанды облыстық нотариаттық палатаның төрайымы
Нұрмағамбетов Аманжол Мағзұмұлы (келісім бойынша)	Қазақстан заңгерлер Ассоциациясының өкілі
Дүсіпов Қайрат Көкенұлы	Кадр жұмысы, ішкі қауіпсіздік және әділет аттестациялық комиссиясы басқармасының бастығы

8 қ а з а н 2 0 0 1 ж . Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң N 1 1 3

бұйрығымен бекітілген

**Әділет аттестациялық комиссиясы  
жұмысының регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Әділет аттестациялық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестациядан өткізу мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 қаулысымен бекітілген Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесіне (бұдан әрі - Ереже) және осы Регламентке сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссияның негізгі міндеті адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың кәсіби білім деңгейін және біліктілік дәрежесін анықтау болып табылады.

4. Комиссия өз құзыреті шегінде адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды (бұдан әрі - үміткерлер) аттестациялайды , үміткерлерді аттестациялау не аттестацияламау туралы жазбаша шешім шығарады .

5. Комиссия 7 адамнан тұрады, Ереженің 2-тармағында көзделген адамдардан құрылады және екі жыл ішінде жұмыс істейді.

Комиссия мүшелерінің біреуі шыққан жағдайда шыққан күннен бастап бір айдан кешіктірмей жаңа мүше оның құрамына кіруге тиіс.

*Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 14 тамыздағы N 114 бұйрығымен , 2003 жылғы 1 қарашадағы N 234 бұйрығымен .*

6. Комиссия қызметін ұйымдастыру үшін отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс берумен оның құрамынан екі жыл мерзімге Комиссия хатшысы сайланады.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Комиссияның қызметін ұйымдық қамтамасыз етуді өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітетін Ереженің негізінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті құрылымдық бөлімшесіне жүктейді.

## **2. Әділет аттестациялық комиссиясы мүшелерінің құзыреті**

### **8. Комиссия Төрағасы :**

1) Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды шақырады, Комиссия отырыстарында қарау және оларды бекіту үшін мәселелерді дайындауға басшылық етуді жүзеге асырады;

2) комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті құрылымдық бөлімшенің жұмысын үйлестіреді;

3) Комиссия отырыстарында төрағалық етеді және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Комиссия қызметінде Регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді.

9. Комиссия төраға болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін Комиссия мүшелерінің біреуіне отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру жолымен жүктейді.

Төраға функцияларын комиссия мүшелерінің біреуіне жүктеу туралы комиссияның шешімі Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

### **10. Комиссия хатшысы :**

1) Комиссия қызметінің құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етеді;

- 2) үміткердің заң актілерінің талаптарына сәйкестілігі не сәйкессіздігі туралы қорытынды жасайды, оған қол қояды және Комиссияның қарауына шығарады;
- 3) Комиссия жұмысын ұйымдастыруды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді

11. Комиссия хатшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен Комиссия оның мүшелерінің біреуіне жүктейді.

Комиссия мүшелерінің біреуіне хатшының функцияларын жүктеу туралы Комиссияның шешімі Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

#### 12. Комиссия мүшелері:

1) аттестация сұрақтарының базасына қосуға жататын сұрақтардың және оларға жауаптардың тізбесін жасайды және бекітеді;

2) компьютерлік тестке қосуға жататын құқықтың саласы бойынша сұрақтардың санын және тестілеу уақытын бекітеді;

3) Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттарды тиісті ресімдеу тәртібін және олардың қолданылу мерзімін белгілейді;

4) Комиссияның қарауына ұсынылған аттестациялық материалдармен т а н ы с а д ы ;

5) аттестациялық материалдарды зерделеуге және тексеруге қатысады;

6) комиссия отырысында шешуге жататын мәселелерді қарайды.

#### 13. Егер комиссия мүшесі:

1) үміткердің туысқаны болса;

2) үміткерді аттестациялаудың нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама мүдделі немесе оның риясыздығына негізді күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса, ол үміткерді аттестациялауға қатыса алмайды.

14. Осы Регламенттің 13-тармағында аталған мән-жайлар болған жағдайда Комиссия мүшесі бас тартуды білдіруге міндетті.

Сол негіздемелер бойынша бас тартуды отырысқа қатысатын Комиссия мүшелері не аттестациялық материалы қаралатын үміткер білдіре алады.

15. Бас тарту және қарсылық негізді болуға тиіс және оларды аттестацияға дейін де, аттестация барысында да жариялауға болады.

16. Егер бас тартатын Комиссия мүшесі түсінік беруге ниет білдірсе, Комиссия оның пікірін тыңдайды және бас тарту білдірілген адам болмағанда оған қатысты шешім қабылдайды.

17. Комиссия мүшесінің бас тарту (қарсылық) білдіруі туралы шешімді Комиссия отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік даусымен жазбаша нысанда қабылдайды және бас тартуды білдірген Комиссия мүшесі және үміткер болған кезде жариялайды.

18. Бас тартуды қанағаттандыру немесе одан бас тарту туралы шешім шағымдануға жатпайды.

### **3. Әділет аттестациялық комиссиясының отырыстарын өткізу тәртібі**

19. Комиссия отырыстарды қажеттілік бойынша, бірақ кемінде айына бір рет ө т к і з е д і .

Егер отырысқа Комиссия мүшелерінің кемінде 5 мүшесі қатысса, ол заңды д е п с а н а л а д ы .

*Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 14 тамыздағы N 114 бұйрығымен , 2003 жылғы 1 қарашадағы N 234 бұйрығымен .*

20. Комиссия үміткерлерді аттестациялауды өткізу бойынша көшпелі отырыстар өткізуге құқылы.

21. Комиссия отырыстары ашық және жариялы түрде өтеді.

Комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері шақырылуы мүмкін.

22. Комиссияның отырыстарын оның төрағасы өткізеді.

Комиссия отырысында шешуге жататын мәселелерді қарау Комиссия отырысына ұсынылған аттестациялық материалдарды алдын ала зерделеген Комиссия төрағасының немесе мүшесінің баяндамасымен басталады.

23. Комиссия қаралатын мәселелер бойынша отырысқа қатысатын мүшелер көпшілік дауысымен тиісті шешім қабылдайды.

Комиссия мүшелері дауыс беруден бас тартуға құқылы емес. Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Комиссия мүшесі Комиссия шешім шығарған кезде ескерілетін жазбаша нысанда ерекше пікірін айтуға құқылы.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

24. Комиссияның шешімдері оларды шығару күні мен орны, мәселені қараған Комиссия құрамы, қабылданған шешімнің негіздемелері көрсетіле отырып, ж а з б а ш а н ы с а н д а қ а б ы л д а н а д ы .

Отырысқа қатысатын Комиссияның барлық мүшелері шешімге қол қояды.

25. Комиссияның отырысы отырысқа қатысатын Комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттаманы міндетті жүргізумен өткізіледі.

Комиссия отырысының хаттамасында тиісті отырыста қабылданған барлық шешімдер көрсетіледі.